

ҒТАР 17.71.07

Ғылыми мақала

**А.Ж. Орынбаева, Б.Ш. Құралқанова***Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,**Павлодар, Қазақстан**(E-mail: bota0975@mail.ru)***Думан Рамазан әңгімелеріндегі сюжет поэтикасы**

**Аңдатпа.** Мақалада Думан Рамазан әңгімелерінің негізгі идеясы, құрылымдық ерекшелігі, композициялық шешімдері мен авторлық стильдің өзара байланысы кешенді түрде қарастырылады. Зерттеу барысында жазушы прозасындағы сюжет поэтикасының көркемдік жүйедегі орны айқындалып, кейіпкерлер психологиясын ашудағы сюжеттің рөлі жан-жақты талданады. Автор әңгімелерінде сыртқы оқиға желісінен гөрі ішкі психологиялық қозғалыс, кейіпкердің жан дүниесіндегі қайшылықтар мен рухани толғаныстар негізгі орын алатыны анықталады.

Сонымен қатар «Алланың әмірі», «Соңғы дем», «Көкжал» шығармалары негізінде сюжеттік даму логикасы, тартыс жүйесінің қалыптасуы, символдық және мифтік қабаттардың қызметі, психологиялық параллелизм мен көркем детальдардың мағына түзудегі рөлі сараланады. Әңгімелердегі финалдық шешімдердің ашық немесе тұспалды берілуі оқырманға ой салу, интерпретациялық кеңістік қалыптастыру мақсатын көздейтіні көрсетіледі.

Зерттеу нәтижесінде Думан Рамазан прозасының басты ерекшелігі – дәстүрлі баяндау тәсілдерін заманауи көркемдік ізденістермен ұштастыра отырып, ұлттық дүниетаным мен адам болмысының терең психологиялық қырларын шебер бейнелеуінде екені тұжырымдалады.

**Түйін сөздер:** әңгіме, сюжет, композиция, авторлық позиция, кейіпкер, идея, поэтика

DOI: <https://doi.org/10.71078/mnn84k13>

Түсті: 18.02.2026; Мақұлданды: 27.03.2026; Онлайн қолжетімді: 04.04.2026.

**Кіріспе**

Думан Рамазан қазіргі қазақ прозасындағы өзіндік қолтаңбасы айқын қаламгерлердің бірі. Думан Рамазан 1967 жылы Абай облысына қарасты Қызылту ауылында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін тәмамдаған соң республикалық «Халық кеңесі» газетінде тілші, аға тілші, «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі, Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық Балалар мен жасөспірімдер театрында Әдебиет бөлімінің меңгерушісі және Қазақстан Саяси зерттеулер орталығының бас директоры қызметтерін атқарды. Жазушының әңгімелерінде тарихи жады, діни-философиялық таным, экологиялық апат, адам мен табиғат арасындағы қайшылық, ұлттық мінез бен рухани дағдарыс сияқты ірі мәселелер шағын жанр аясында жинақы әрі әсерлі беріледі. Осы тұрғыдан алғанда, оның шығармаларындағы сюжет поэтикасын арнайы қарастыру қазіргі қазақ әңгімесінің көркемдік даму үдерісін тану үшін маңызды.

Мақаланың негізгі мақсаты – Думан Рамазан әңгімелерінің тақырыптық-идеялық мазмұнын, тілдік өрнегі мен көркемдік құрылымын айқындай отырып, сюжет поэтикасының ерекшелігін зерделеу. Осы мақсатқа сәйкес жазушының шығармашылық даралығын, эстетикалық дүниетанымын және қазіргі әдеби үдерістегі поэтикалық

ізденістерін кешенді түрде қарастыру көзделді.

### **Зерттеу әдістемесі**

Зерттеу барысында сипаттамалы, салыстырмалы, құрылымдық-поэтикалық және герменевтикалық талдау әдістері қолданылды. Атап айтқанда, әңгімелердегі оқиға өрбу логикасы, композициялық түзілімі, тартыс табиғаты, символдық образдардың қызметі, кейіпкер психологиясын ашудағы сюжеттік элементтердің орны талданды. Сонымен бірге мәтін ішіндегі аңыздық, мифтік және аллюзиялық қабаттардың шығарма идеясына қызметі сарапталды.

### **Тақырыптың зерттелу дәрежесі**

Думан Рамазан шығармашылығы туралы филология ғылымдарының докторы Гүлжаһан Орда, филология ғылымдарының кандидаты Альмира Қалиева, әдебиеттанушы Әбіл-Серік Әбілқасымұлы Әліәкбар сияқты зерттеушілер өз еңбектерінде құнды пікір айтқан. Мысалы, Г.Орда жазушы прозасындағы парадокстық жағдайлар, авторлық бейтараптық пен көркемдік инновация мәселелеріне назар аударады (Орда, 2017: 481). Ә.Қали қаламгер әңгімелеріндегі аңыздық желі, зұлымдық пен ізгілік арақатынасы, кеңістік пен психологиялық ахуал үндестігі мәселелерін арнайы талдаған (Құлбарақ, 2023: 145). Алайда Думан Рамазан әңгімелеріндегі сюжет поэтикасын бірнеше шығарма негізінде кешенді түрде қарастыру әлі де өзекті болып отыр.

### **Нәтижелер мен талқылаулар**

Думан Рамазан – әңгіме жанрының шебері. Әңгіме - оқиғаны қара сөзбен баяндайтын шағын көлемді эпикалық түр. Жалпы, әңгіменің түрлерін шартты түрде бірнеше топқа жіктеуге болады. Сипатына қарай: әзіл, романтикалық, реалистік, қызықты оқиғалы. Тақырыбына қарай: философиялық, тарихи, автобиографиялық, сатиралық, психологиялық, символдық, көңіл-күй (лирикалық), фантастикалық. Жанрлық түріне қарай: әңгіме-очерк, әңгіме-монолог, қысқа әңгіме (этиюд), аңыз әңгіме т.б.

Автордың «Алланың әмірі» атты әңгімесі сюжетінің поэтикасын қарастырып көрейік. Әңгіменің архитектурасы, яғни сыртқы композициясы ерекшелігімен қызығушылық тудырады. Ал әңгімедегі интермәтіннің бірі – эпиграф халық жырынан алынған: «Қазығұрттың басында кеме қалған, ол әулие болмаса неге қалған?». Аталмыш эпиграф шығармада өрістейтін оқиғамен тікелей сабақтасып, оның басты мән-мағынасын алдын ала аңдатып, шығарманың идеялық өзегін айқындайтын көркемдік бағдар қызметін атқарады.

Автор бір ғана әңгіме аясында бірнеше аңыздық желілерді өзара шебер қиыстыра отырып, олардың мазмұндық және идеялық арқауын бір арнаға тоғыстырып, тұтас композициялық жүйеге бағынған күрделі оқиға желісін қалыптастырады. Негізгі оқиға – Нұһ пайғамбардың Алланың әмірімен адамзатты тасқын судан құтқаруы. Әңгіме «Басына сұр жылаңдай сумаңдаған суық ойлардың бірі кіріп, бірі шығып, еңсесін езе түскен» Нұһ пайғамбардың терең ойға батқан кескін келбетінен басталады. «Төр көрпенің үстіне жамбастай жантайған Нұһ пайғамбар оң қолына қыса ұстаған сырлы тостағандағы сусыннан әлсін-әлсін ұрттап қойып, үн-түнсіз ойға шомып отыр. ...Қолындағы тостағанды қалай қатты қысып жібергенін өзі де байқамай қалса керек, бырт етіп сынып кеткенде, шошына селк ете түсті» (Құлбарақ, 2023: 10). Сюжеттің осылайша басталуы алда болатын келеңсіз оқиғаларға тұспалдайды. Әңгіме сюжетінің байланысында кейіпкерлер арасында, атап айтқанда, Нұһ пайғамбар мен пұтқа табынушы халық арасында жақсылық пен жамандықтың тартысы орын алады.

Сюжеттің дамуында Нұһ пайғамбар Алланың әміріне құлақ салып кеме сала бастайды. Күллі жан-жануар атаулысын кемеге отырғызады. Оқиғаның шиеленісуі

кезінде кенеттен топан су басталып, табиғат пен адам арасындағы қақтығыс күшейеді. Нұһ пайғамбардың сөзіне қарсы шыққан адамдар Алланың ескертуіне құлақ аспай, су тасқыны басталған кезде өліммен арпалысып, өз пенделік қателіктерінің жазасын тартады. Алланың әміріне шүбә келтірген халықпен бірге пайғамбардың үлкен ұлы Хам да суға батып, ұлының осы қасіретті өліміне Нұһ пайғамбар сабырмен көніп, Аллаға мойынсұнады.

Оқиғаның шарықтау шегінде топан су ең биік деңгейге көтеріліп, кеме ішіндегі тіршілік қиындай түседі. Кемедегілердің тұрған жерлерін ластап, парықсыз әрекет етуі тек физикалық тұрғыдан ғана емес, рухани және әлеуметтік жағынан да үлкен мәселені көрсетеді. Адам баласының хайуаннан да төмен күйге түскенін бейнелейтін бұл тұста Нұһ пайғамбар адамзаттың азғындық пен қатыгездікке бой алдырғанына налиды да, Алладан мейірім мен көмек тілеп жалбарынады. Кемені су басып, ішіндегі тіршілік талқандалғанда, Нұһ пайғамбардың жан-жақты ақыл-парасаты мен жанындағылардың көмегі арқылы қиындықтан шығуға деген ұмтылысы көрінеді.

Оқиғаның шешімінде кеме Қазығұрт тауына келіп тоқтайды. Оқиғаның осы тұсында Нұһ пайғамбарға кездескен ақжаулықты ананың аман қалуы пайғамбарға жасаған ізгілігі арқылы өмірде мейірім мен адамгершілік сияқты игі қасиеттердің ақырында зұлымдық пен қатыгездіктен үстем түсетінін астарлы түрде меңзейтін көркемдік тұспал болып табылады.

Әңгімеде жан-жануарлардың адамша тіл қатуы мен жынн бейнесінің көрініс табуы шығарманың реалистік сипаттан гөрі қиял-ғажайып және мифтік сипатқа жақын, ертегі не аңыздық сипаттағы көркемдік табиғатын айқындайды. Шығарма кейіпкерлерінің арасында екі образды бір-біріне қарама-қарсы қоюда маса мен қарлығаштың, қарға мен көгершіннің образдары алынды.

Шығармада көгершін аллюзия ретінде көрініс табады: «Аз күн оздырып, барлауға ақ көгершінді жібереді. Оған тәтпіштеп ештеңе айтпайды, ешқандай ескерту жасамайды. Өйткені ақ көгершіннің өзі-ақ тапсырманы ойдағыдай орындап келетініне нық сенімді еді. Пайғамбардың сенімі бойына қуат бітірген ақ көгершін төңіректі түгел түгел шолып, тез-ақ қайтіп келеді». Ақ көгершін бірлік пен ынтымақтастықтың символы ретінде ғана емес, адамдар арасындағы татулық пен өзара түсіністікті меңзейтін рухани бірліктің нышаны ретінде де осы тұста көрініс береді.

Әңгіменің негізгі идеясы жаратылыс атаулының аман қалуымен шектелмей, тіршілік иесінің адамгершілік пен риясыз тазалық бастауы ретінде қалыптасуы және жақсылық пен ізгі істердің ақырында жеңіске жететіні жөніндегі өзектілікте жатыр. Ә.Қали: «Аңыз желісінен ауытқымай алынған шайтан бейнесі, түптеп келгенде, зұлымдықтың ізгілікпен қатар мәңгі жасайтындығы жайлы аңыз түбіндегі ақиқатты жеткізеді. Ал кемеге мінбесе де жан сақтаған қарияның образы оқырманды жаратушының құдіреті, дін, тарих жайлы имани ойларға жетелейді» (Құлбарақ, 2023:145), – деп топшылайды.

Думан Рамазанның келесі шығармасы – «Соңғы дем» әңгімесі. «Соңғы дем» әңгімесінің тақырыбы ядролық жарылыстардың қиратушы күшінен зардап шеккен адамдардың тағдырын, олардың өмірлік ауыртпалықтары мен психологиялық күйзелістерін көркемдік тұрғыда ашып көрсетуді қамтиды. Әңгіме сыртқы құрылымы жағынан қарапайым көрінгенімен, оның ішкі мазмұны күрделі символикалық және философиялық мәнге ие, оқырманға терең ой салуға бағытталған көпқабатты архитектуралық шешімдермен ұйымдастырылған. «Соңғы дем» деген атау шығарманың ішкі мазмұнымен тығыз байланысып, ядролық сынақтардың салдарынан дертке шалдыққан Нұрбек пен оның ауылдастарының қайғы-қасіреті арқылы түгел бір халықтың тағдырлық мұны мен ауыртпалығын символдық түрде бейнелейді.

Әңгіменің басында Нұрбек пен Гүлжанның тұрмысы суреттеліп, Нұрбектің күтпеген тағдыр тәлкегіне ұшырап, сорлы бейбаққа айналуы арқылы олардың өмірлік сынға тап

болуы мен психологиялық күйзелістері көркемдік тұрғыда айқындалады. Оқиғаның байланысы болып табылатын Гүлжанның Қаншайым қариямен кездесуі оның үміт отын жандырып, сюжеттің әрі қарай өрбуіне түрткі болды. Әңгімедегі кейіпкердің бірі – Қаншайым әжей эпизодтық кейіпкер ретінде бір рет қана бой көрсеткенімен, сюжеттің әрі қарай өрбуінде маңызды рөл атқарады. Ядролық сынақтардан жарымжан болған Мәдидың қызы, Қаншайым әженің немересі туралы лирикалық шегіністе айтылып, әңгіменің негізгі идеясын аша түседі. Сюжет шиеленісінде Гүлжанның улы жылан іздеп қиналуы, ал шарықтау шегінде Гүлжанның күйеуінің қамы үшін жасаған әрекеттері ішкі сюжеттен тұрады. Шығармада Гүлжанның ішкі ойларының көрінісі былайша беріледі: «Қалайда бүгін улы жылан тауып, басын қайнатып, суын ішкізіп, жарасын сүртуім керек! Алла шипасын беріп, жазылып кетер. Бір-бірімізді мәңгібақи сыйлап өтеміз». Әңгіменің финалдық шешімі Нұрбектің өмірден озуымен түйінделеді. Ә.Қали: «Әңгіме соңындағы: «Ұясы бұзылған балапандардай шырқыраған сәбилердің ащы айғайынан алакөлеңке бөлменің іші күңіреніп кетті»- деген үзіндіде де кейіпкерлердің психологиялық күйі мен кеңістік көрінісі ажырамас байланыста суреттеледі. Автор әкелерінен айырылып, жетім қалған сәбилердің зарлы үнін әсірелеу арқылы эмоциялы картинаның қайғылы ауаның мейлінше тұтастандыра түседі» (Құлбарақ, 2023: 148), – деп баға береді.

Гүлжанның құмырсқаның илеуін көруіндегі ойы – әңгіменің негізгі идеясының бірі: «Бала кезі ойына оралды. Құмырсқаның илеуін көрсе, быт-шытын шығаруға құмартып тұрушы еді: «Балалық-ай, бұл да бір тірі жан иесі ғой! Сонша неге қиратып-бүлдіруге құштар болдық екен? Қарашы, тіпті адамдар сияқты тіршілік етіп жатыр. Илеуді тас-талқан етіп талқандау – бір ауылдың ойран-асырын шығарып кеткенмен бірдей екен ғой!». Қазақ прозасында құмырсқаның илеуін суреттеу арқылы терең философиялық және әлеуметтік астарды ашуға талпынған жазушылардың бірі – Мұхтар Мағауин. Оның «Құмырсқа қырғын» әңгімесінде: «Мына бір илеу – тұтас бір әулет. Немесе, мемлекет. Ерекше тіршілік жүйесі, бағзыдан бекіген, бұлжымас заң-жарғылары, басқару рәсімдері бар. Әрине, өзіндік үлгі, бөтен бір өлшемдегі қоғамдық құрылым» деп суреттеледі. Екі әңгімеде де тақырыптық және идеялық тұрғыдан айқын үндестік байқалады. Авторлар табиғаттағы ұсақ жаратылыстар құмырсқаның тіршілік болмысын суреттеу арқылы адамзат қоғамының ішкі заңдылықтарын, билік пен бағыныштылық, бірлік пен тәртіп мәселелерін астарлап жеткізеді.

Автор әңгімеде психологиялық параллелизмді шебер қолданады. Трагедиялық жағдай мен кейіпкерлердің ішкі тауқыметі табиғат құбылыстарымен айшықталады. Шығарманың басында: «Таң ағарып атқан. Ауада ызғар бар. Маңайдағы тал-теректердің сарғыш тартқан жапырақтары жыландай ысылдаған өкпек желге қосыла уілдейді», - деп суреттеледі. Осы жердегі автордың өкпек желді жылан ысылына балауы алдағы сұм оқиғаның хабаршысы іспетті. Шығармадағы: «Ауылға тақай бергенде әлденені шоқып жатқан үш құзғынды көзі шалды. Гүлжан жақындағанда олар дүркірей көкке көтеріліп, жерде жүні жұлмаланып, ішек-қарны ақтарылған ақ көгершін жатты.» (Рамазан, 2008: 4) деген үзіндідегі ақ көгершін - кейіпкерлер мен өмірдегі жарымжан адамдардың тағдырымен астасып жатқан символдық бейне.

«Соңғы дем» әңгімесінде адам қолымен жасалған алапат қасіреттің салдары мен табиғатқа тигізетін зұлымдық әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай, автор бір әңгіме арқылы адамзатқа қатысты терең философиялық мәселелерді көркем түрде ашады.

Автордың келесі бір сюжет ырғағы, баяндауы өзгеше – «Көкжал» әңгімесі.

Тақырыбы жағынан табиғат пен адам арасындағы байланысты өмір шындығымен сабақтастыра көркем түрде бейнелейтін, көкжалдың өзіндік болмысы мен кекшілдігін аша отырып, сюжеттегі байланыстар мен ой тағылымдардың бір-бірімен астарлы байланыста өрбитін бұл шығарма терең мәнге ие.

Автор әңгіме эпиграфы ретінде «Иттің иесі болса, бөрінің Тәңірісі бар» деген халық

мәтелін келтіреді. Иттің жаратыласынан бөрінің ұлылығын айқындайтын бұл тұжырымға сәйкес, бөріге қарсы шығып, оның тыныштығын бұзған жаратылыс атаулысы ешқашан жазықсыз қалмайтыны көркемдік тұрғыда меңзеледі.

Әңгіменің басталуы Елубай мен Гүлғайшаның бейнелері арқылы оқырманға отбасылық ортаны, олардың мінез-құлқы мен психологиялық ерекшеліктерін жан-жақты таныстырып, кейіпкерлердің бейнесін тереңдете ашады. Елубайдың сәбиді құшырлана сүйіп, мауқын басуы оны жүрегі жұмсақ кейіпкер ретінде ашады. Әңгіменің байланысында Серікжанның өзімен бірге бөлтіріктерді әкелуі бүкіл оқиға желісін өрбітіп, оның қателігінің салдарынан көкжалдың кекшілдігі мен терең қақтығыстары басталады.

Әңгіме желісі әрі қарай күрделене түсіп, табиғаттың тепе-теңдігі бұзылады, қасқырлар Елубайдың қорасына шауып, қойлар қырылады. Елубайдың ашуға беріліп, өз иті Ақтөсті өлтіруі, кейін адал төбет Ақжолға қатыгездік танытуы оның ішкі күйзелісі мен рухани дағдарысын аңғартады. Бұл эпизодтар арқылы автор кейіпкердің мінезін ашып қана қоймай, тартысты одан әрі күшейтіп, Елубайдың әрекеті арқылы адамның ашу мен менмендікке бой алдырған сәттерде табиғи болмысынан ажырайтынын көрсетеді.

Оқиға шарықтау шегіне таяғанда, жазушы адам мен табиғат арасындағы ішкі қайшылықты айқын аша түседі. Ақжол иесінің баласын қауіптен қорғап, адалдық пен мейірімнің үлгісін көрсеткен әрекетіне қарамастан, Елубай оны дұрыс түсінбей, ашу үстінде итін ұрып өлтіру арқылы оқиғадағы шиеленісті күшейтеді. Автор бұл көрініс арқылы адамның рухани соқырлығы мен табиғатқа қарсы жасаған озбырлығын сынға алады.

Әңгіменің шарықтау шегі Елубайдың итін жерлеуге бара жатып арлан қасқырмен бетпе-бет келетін тұсында көрініп, бұл сәт адам мен табиғат арасындағы түбегейлі қақтығыстың шешуші кезеңін бейнелейді. Қасқырдың Елубайға шабуы жай ғана физикалық соғыс емес, рухани және моральдық жазаның көрінісі.

Әңгіме финалында Елубайдың өлімі оқиғаның шешімін тауып қана қоймай, жазушының табиғат пен адам арасындағы рухани тепе-теңдік идеясын көркемдік тұрғыда түйіндеуіне қызмет етеді. Автор Елубайдың өлімін кездейсоқ емес, символдық мағынада береді: бұл табиғаттың әділ үкімі, адамның ар алдындағы жеңілісі.

Әңгімедегі басты кейіпкер Елубайдың іс-әрекеттері сырт көзге дөрекі көрінгенмен, кейіпкердің ішкі мотивтері оқырман ойын өзгертеді. Әңгімеде: «Шаршауы енді шыға бастағандай. Бойы тоңазып, жота-жауырыны құрыса қалды: «Бөлтіріктерін адамдар алып кетсе, қасқырлар маңайдағы ауылдың малдарына шауып, таныштық бермейді” деуші еді көнекөз қариялар. Сол сөз рас болды ғой. Қаншығының өзін көрмейсің бе?! Ал, ана арланы ше? – Тұла-бойы дір ете түсті, – Маған не болған өзі!...» (Рамазан, 2011: 84). Осы тұста Елубайдың ешкімге сыр бермейтін ішкі мұңы оның кейіпкерлік болмысын тереңірек ашып, оқырманға жаңаша тануға мүмкіндік береді.

Көкжал образы - ежелгі заманнан бері текті саналған қасиетті аң. Оның ұлылығы мен кекшілдігі, асқан ақылдылығы қазақ халқының ғана емес түркі халықтарында да ерекше құрмет пен сақтыққа ие. Көне заманда түркі тайпалары қасқырды символ ретінде қабылдаған және көк бөрінің иесі Тәңір болып саналып, оның адамға да, жануарға да бергісіз мықтылығы сан ғасырлар бойы асқақтыққа ие болған. Көкжал тек жыртқыш аң ғана емес, оның еркіндігі мен өр рухы қазақ халқының болмысынан ажырамайтын қасиет ретінде, азаттықтың, еркіндіктің және қайсарлықтың символы болып, ұлы даланың еркін, батыл ұрпағы қазақ халқының бейнесіндей әсер қалдырады.

Әңгіменің көтерген тақырыбы мен идеясы бүгінгі күнмен тікелей үндес болып, қазіргі заманда адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдіктің жиі бұзылуы мен адамның рухани дүниесіндегі қатігездік пен табиғатқа немқұрайлылықтың бүгінгі қоғамның басты мәселелерінің бірі екенін көрсетеді.

«Алланың әмірі» әңгімесінде діни-философиялық таным мен адамзаттың жаратылыспен үйлесім идеясы көрініс тапса, «Соңғы дем» шығармасында экологиялық апат, адам мен табиғат арасындағы байланыстың үзілуі арқылы рухани күйреу мен адам болмысының трагедиясы суреттеледі. Ал «Көкжал» әңгімесінде еркіндік пен тәуелсіз рухтың символы ретінде қасқыр бейнесі арқылы ұлттық мінез, қазақ халқының батырлық болмысы көркем бейнеленеді.

### Қорытынды

Думан Рамазан әңгімелеріндегі сюжет поэтикасы оқиға өрбіту техникасымен ғана шектелмейді; ол қаламгердің дүниетанымын, идеялық ұстанымын және адам болмысына қатысты көзқарасын танытатын күрделі көркемдік жүйе ретінде көрінеді. «Алланың әмірінде» аңыздық-діни желі арқылы адамзат пен жаратылыс үйлесімі, «Соңғы демде» экологиялық қасірет арқылы рухани күйреу, «Көкжалда» табиғат пен адам арасындағы түбегейлі қайшылық ашылады.

Зерттеу нәтижесінде Думан Рамазан прозасында сюжет: 1) кейіпкер психологиясын тереңдететін; 2) философиялық және әлеуметтік мазмұнды жинақтайтын; 3) символдық образдар мен мифтік қабаттарды біріктіретін; 4) финалдық шешім арқылы оқырманға эстетикалық әрі этикалық әсер қалдыратын басты поэтикалық тетік екені анықталды. Сондықтан жазушы әңгімелері қазіргі қазақ прозасындағы көркем ізденістерді танытатын маңызды әдеби құбылыс болып табылады.

### Әдебиеттер тізімі

Орда, Г. Ж. (2017). *Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар: ұжымдық монография*. Алматы: Print Express.

Құлбарақ, С. (2023). *Әдеби сын*. Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты.

Рамазан, Д. (2008). *Алланың әмірі: әңгімелер*. Алматы: Жазушы.

Рамазан, Д. (n.d.). *Соңғы дем* [Электронды ресурс <https://disk.yandex.com/i/Qx86M7jtp2nG7w>]

Рамазан, Д. (2011). *Жылап аққан тамшылар: әңгімелер*. Алматы: ҚазАқпарат.

### References

Orda, G. Zh. (2017). *Modern Kazakh literature: Development trends, names, and events: Collective monograph*. Almaty: Print Express. [in Kazakh].

Qulbaraq, S. (2023). *Literary criticism*. Almaty: Abai Research Institute. [in Kazakh].

Ramazan, D. (2008). *Allah's command: Short stories*. Almaty: Zhazushy. [in Kazakh].

Ramazan, D. (n.d.). *The last breath* [Electronic resource]. [in Kazakh].

Ramazan, D. (2011). *Tears flowing in sorrow: Short stories*. Almaty: QazAqparat. [in Kazakh].

**A.Zh. Orynbayeva, B.Sh. Kuralkanova**

*A. Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan*

*(E-mail: bota0975@mail.ru)*

### The Poetics of Plot in Duman Ramazan's Short Stories

**Abstract.** This article examines the main idea, structural features, compositional solutions, and the interrelation of authorial style in the short stories of Duman Ramazan. The study

identifies the role of plot poetics within the writer's artistic system and provides a comprehensive analysis of the function of plot in revealing characters' psychology. It is demonstrated that the author's prose prioritizes internal psychological movement, inner conflicts, and spiritual experiences of the characters rather than external events.

Based on the works *Allah's Command*, *The Last Breath*, and *Kokzhal*, the research analyzes the logic of plot development, the system of conflict, and the functions of symbolic and mythological layers. Particular attention is given to psychological parallelism and artistic details as key elements in meaning-making. The study also highlights the nature of final resolutions, which are often open-ended or implicit, encouraging active reader interpretation.

The findings suggest that a distinctive feature of Duman Ramazan's prose lies in the synthesis of traditional narrative techniques with modern artistic approaches. This combination enables the author to vividly portray the national worldview and the complex psychology of human beings, resulting in works with significant aesthetic and philosophical depth.

**Keywords:** short story, plot, composition, author's position, character, poetics.

**А.Ж. Орынбаева, Б.Ш. Куралканова**

*Павлодарский педагогический университет имени А.Марғұлана,*

*Павлодар, Казахстан.*

*(E-mail: bota0975@mail.ru)*

### **Поэтика сюжета в рассказах Думана Рамазана**

**Аннотация.** В статье комплексно рассматриваются основная идея, структурные особенности, композиционные решения и взаимосвязь авторского стиля в рассказах Думана Рамазана. В ходе исследования определяется место поэтики сюжета в художественной системе писателя, а также всесторонне анализируется роль сюжета в раскрытии психологии персонажей. Установлено, что в прозе автора ключевое значение имеет не столько внешнее развитие событий, сколько внутреннее психологическое движение, противоречия и духовные переживания героев.

На материале произведений «Повеление Аллаха», «Последний вздох» и «Көкжал» анализируются логика сюжетного развития, система конфликта, функции символических и мифологических пластов, а также роль психологического параллелизма и художественных деталей в формировании смысла. Особое внимание уделяется финальным решениям, которые часто имеют открытый или имплицитный характер и направлены на активизацию интерпретационной деятельности читателя.

В результате исследования делается вывод о том, что отличительной чертой прозы Думана Рамазана является органичное сочетание традиционных повествовательных приемов с современными художественными поисками. Это позволяет автору глубоко и многогранно раскрывать национальное мировоззрение и сложную психологию человека, создавая произведения с высоким эстетическим и философским потенциалом.

**Ключевые слова:** рассказ, сюжет, композиция, авторская позиция, персонаж, поэтика.

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Орынбаева А.Ж.** – Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ., Қазақстан.

**Құралқанова Б.Ш.** – филология ғылымдарының кандидаты, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан.

**Information about authors:**

**Orynbayeva A.Zh.** – Student, Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan.

**Kuralqanova B.Sh.** – Candidate of Philological Sciences, Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan.

**Сведения об авторах:**

**Орынбаева А.Ж.** – студентка Павлодарского педагогического университета имени А. Маргулана, Павлодар, Казахстан.

**Куралканова Б.Ш.** – кандидат филологических наук, Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана, Павлодар, Казахстан.



Бұл жұмыс Creative Commons Attribution-Коммерциялық Емес 4.0 Халықаралық лицензиясы бойынша лицензияланған.  
This work is licensed under Creative Commons Attribution-Noncommercial 4.0 International License